

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалының Атбасар аудандық Тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ 20 20 ж. « 23 » қаңтар ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 030540000167

№ 162-1902-04-НАО-МН

Бастапқы тіркелген күні 20 19 ж. « 26 » маусым



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтарғы
№ А-1/3 қаулысымен
бекітілген

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалының Атбасар аудандық Тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ 20 21 ж. « 19 » қаңтар ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 030540000167

№ 162-1902-04-НАО-МН

Бастапқы тіркелген күні 20 21 ж. « 26 » маусым

Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің жапындағы Атбасар қаласының «Родничок» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің жапындағы Атбасар қаласының «Родничок» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі-Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорынның құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады.
3. «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесін (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асыратын орган болып табылады.
4. Кәсіпорынның атауы: Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің жапындағы Атбасар қаласының «Родничок» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
5. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 020400, Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Матросов көшесі, 31.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

6. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банкітерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.
7. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.
8. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.
9. Кәсіпорын жасасқан және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының

затнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мен мәні

10. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

11. Кәсіпорынның міндеттері:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілер үшін дене, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау болып табылады;

3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қарым-қатынас;

5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсету;

6) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) Білім беру саласында мемлекеттік қызмет көрсету.

12. Кәсіпорынның қызметі Жарғыға, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, Санитариялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

13. Жүзеге асырылатын білімдік оқу бағдарламаларының тізбесі: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, түзету және авторлық оқу бағдарламалары.

14. Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша жұмыс жүргізеді:
- дене шынықтыру-сауықтыру бағыты мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғауға және нығайтуға, балаларды сауықтыруға, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарымен таныстыруға ықпал етеді;

дене шынықтыру-сауықтыру бағыты мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғауға және нығайтуға, балаларды сауықтыруға, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарымен таныстыруға ықпал етеді;

көркем-эстетикалық бағыт – шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға, руханият пен эстетикалық талғамға тәрбиелеу, әр түрлі өнер түрлерімен танысуға және балаларды әр түрлі көркемдік – эстетикалық іс-шараларға (бейнелеу өнері, хореография, ән айту және т.б.) белсенді тарту процесінде мектеп жасына дейінгі баланың табысты шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға бағытталған;

коммуникативтік-тілдік бағыт балалардың қарым-қатынас мәдениетін дамытуға, балалардың сапалы мектепалды даярлығына, олардың қазақ, орыс, ағылшын тілдерін үйренуіне ықпал етеді;

түзету – дамытушылық бағыт, сөйлеу мүкістерін білікті түзетуді, жеке және кіші топтар бойынша дамыту сабақтарын жүргізуді қамтитын түзету – дамыту бағыты (педагог-психолог, логопед – мұғалім, дефектолог және т. б.);

танымдық - зерттеушілік бағыт, міндеттерді іске асыру жағдайында және сонымен бірге білім берудің мемлекеттік стандартының нормаларынан тыс балалардың зияткерлік дамуына ықпал ететін танымдық-зерттеу бағыты.

15. Кәсіпорынның білім беру қызметі мыналарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) «Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына»;

2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен»;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына».

16. Кәсіпорынды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Кәсіпорында ата-аналардың (занды өкілдердің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту көзделген.

18. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушісі әрбір білім саласы бойынша жас топтары бойынша және оқу бағдарламасында айқындалатын әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша меңгерілуге тиіс білім, білік, дағды мен құзыреттілік көлемін меңгеруі тиіс:

19. Тәрбиеленушілердің даярлық деңгейіне қойылатын талаптар оқу бағдарламасында тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингтеу негізінде күтілетін нәтижелер түрінде айқындалады.

Тәрбиеленушілердің жетістіктерінің мониторингі жылына үш рет жүргізіледі (қыркүйекте басталады, қаңтарда аралық және мамырда қорытынды)

20.Топтар бір жастағы немесе әртүрлі жастағылар принципі бойынша жинақталады.

Кәсіпорын топтарын толықтыру «Мектепке дейінгі ұйымдар мен балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «Санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады»

21.Кәсіпорын бес күндік жұмыс аптасы режимінде жұмыс істейді.Білім беру ұйымына балаларды қабылдау онда Бос орындар болған жағдайда жыл бойы жүргізілуі мүмкін. Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымға қабылдау «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

22. Кәсіпорын өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген бағдарламаның мазмұнын игеру кезеңі»);

2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін-жазғы сауықтыру кезеңі;

3) мектеп жасына толған Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

4)тәрбиеленушілерді бір жас тобынан екіншісіне ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне толық жасқа жетуін ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

23.Тәрбиеленушінің кәсіпорындағы орны келесі жағдайларда сақталады:

1) тәрбиеленушінің Денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарында және өзге де ұйымдарда науқастануы, емделуі, сауықтырылуы, түзетілуі және оңалтылуы (көрсетілім бойынша анықтама, қорытынды ұсынған кезде);

2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің тәрбиеленушіні жылына екі айға дейінгі мерзімге демалысқа немесе сауықтыруға жазбаша отініші берілген кезде;

3) елді мекенде енгізілген төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) кезеңінде қолданылмайды.

24. Кәсіпорын бөбекжай және мектепке дейінгі жастағы топтардың болуын қарастырады. Кәсіпорын ата-аналардың тілсктеріне, медициналық және психологиялық-педагогикалық көрсеткіштерге сүйене отырып, екі жастан алты жасқа дейінгі балалар қабылданады.

25. Кәсіпорында жоспарлы толықтырылуы кезінде келесі жас топтары қамтылған:

- 2 жастан бастап - кіші топ;
- 3 жастан бастап - ортаңғы тобы;
- 4 жастан бастап - ересектер тобы;
- 5 жастан бастап - мектепалды тобы.

26. Тәрбиеленушілерді кәсіпорыннан шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарттық талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт аралығында келмеген жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кесергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда тоқтатылады.

27. Кәсіпорын мен заңды өкілдер арасындағы қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау кезінде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта тараптардың құқықтары мен міндеттері, баланың мектепке дейінгі мекемеге келу режимі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін ұсыну деңгейі мен мерзімдері, баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстағаны үшін ақы төлеу мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де шарттар белгіленеді.

Тәрбиеленушінің, ата-аналардың және кәсіпорын қызметкерлерінің ынтымақтастық қарым-қатынасы тәрбиеленушіге жеке ерекшеліктерге сәйкес даму еркіндігіне беруді ескере отырып, білім беру процесіне қатысушыларды өзара құрметтеу негізінде құрылады.

28. Кәсіпорын педагогтері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтаған жағдайда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын дербес таңдайды.

29. Кәсіпорын осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған және қамтылған тәрбиеленушілер үшін жұмыс күндері және демалыс күндері білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетуге құқылы. Ақылы қызметтерден түскен каражат мамандарға жалақы есептеуге, құралдар сатып алуға, тиісті даму ортасын құруға жұмсалады.

30. Білімдік және сауықтыру қызметтері ақылы негізде негізгі тәрбие-білім беру процесіне қосымша сабақтар және қызмет түрлері түрінде ұсынылады. Кәсіпорын ұсынатын ақылы қызметтер тізбесінде мыналар қарастырылған:

- 1. Білімдік қызметтер:
- бейнелеу студиясының үйірме жұмыстарын ұйымдастыру;
- хореография үйірмесінің жұмысын ұйымдастыру;
- ағылшын тілін үйрену;
- қазақ тілін үйрену бойынша қосымша сабақтар;

вокалдық топтың сабақтары;
 балаларды мектепалды даярлаудағы қосымша сабақтар;
 логопедиялық түзету қызметтерін көрсету;
 ұзартылған күн тобының жұмысын ұйымдастыру;
 STEM-білім беру ұйымы (робототехника, LEGO-құрастыру);
 Ата-аналардың қалауы бойынша үйірмелердің басқа да қосымша түрлері;

2. Сауықтыру қызметтері:

суда шынықтыру процедуралары;

фитотерапия;

жоғарғы тыныс жолдарын шаю және майлау;

сауықтыру-тұрмыстық қызметтер (асхана және орталықтандырылған ыдыс-аяқ жуғыштың жұмысын ұйымдастыру);

Барлық қызметтер Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының нормаларынан тыс көрсетіледі

31. Кәсіпорындарды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаттарында құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер болып табылады.

32.Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері құқылы:

1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға ;

3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға;

5) келісім шарт негізінде қосымша қызметтер алуға.

Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер міндетті:

1) балалардың өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың зияткерлік және дене күшінің дамуын, имандылық тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

3) балалардың оқу орнындағы сабақтарға қатысуын қамтамасыз етуге;

4) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің ар-намысы мен кәсіп-қасиетін құрметтеуге.

33. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері:

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде Педагог:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар тарапынан және басқа заңсыз араласу мен кедергі келтіруден қорғануға;

3) мамандыққа құрметпен қарауға және білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан тиісті мінез-құлыққа;

4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлар жасауға;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, негүрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, оқу материалдары мен оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға міндетті;

13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке Педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;

16) Кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін марақтауға;

17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарға сай кәсіптік даңғыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

20) тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге құқылы;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар жатады.

Педагог міндетті:

1) өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етілуіне;

3) өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатын деңгейін арттыруға (растауға);

4) педагогикалық әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет, жоғары адамгершілік, патриотизм, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) өмірлік қиын жағдайда жүрген баланы анықтау фактілері туралы білім беру ұйымының басшылығын дереу хабардар етуге;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәметке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге консультация беруге міндетті.

12) Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру үшін, азаматтардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік қатыстылығы, олардың дінге көзқарасы белгісі бойынша айрықшалығын, артықшылығын не кемдігін насихаттайтын үгіттеу үшін пайдалануға, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлттарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері

туралы дұрыс емес мәліметтер хабарлау, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттерге итермелеуге құқылы емес.

34. Педагог қызметкер міндеттерін бұзғаны және педагог атағына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Мектепке дейінгі мекеме педагогтерінің, қызметкерлері мен тәрбиеленушілерінің сыртқы келбетіне қойылатын талаптар "зайырлылық" қағидаттарында құрылады. Балалар мен мекеме қызметкерлерінің күнделікті киімдеріне әртүрлі конфессиялардың діни тиесілілігі киімдерінің элементтерін енгізуге жол берілмейді. Балалар мен мекеме қызметкерлерінің киімдері оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келуі керек. Мұғалімдер мен қызметкерлердің бірыңғай формасының стилі, түсі классикалық стильде, бір түсті схемада, үштен аспайтын түстерді араластыруға жол берілсді.

4. Кәсіпорынды Басқару

35. Ақмола облысының әкімдігі:

1) кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) коммуналдық мүлікті кәсіпорынға бекітіп береді;

4) кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

36. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) қызметтің басым бағыттарын және кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын белгілейді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

37. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

38. Тиісті саланың уәкілетті органы кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

39. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

40. Басшы:

1) кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүддесін білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда елгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұзады, көтермелеу және жаза шараларын қолданады;

8) өз орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өз орынбасарларының және кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) дербес жауапты болады;

кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуына; тіза табыстың белгіленген бөлігінің бюджетке уактылы аударылмауына; кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыруға.

11) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

41. Қазақстан Республикасының оналту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен кәсіпорын банкрот деп табылған немесе оналту рәсімі қолданылған және уақытша, банкроттықты немесе оналтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі

барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5. Кәсіпорынның мүлкі

42. Кәсіпорын мүлкін активтер құрайды, олардың құны оның теңгерімде көрсетіледі.

43. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар бойынша, оның ішінде кәсіпорын қызметкерлері арасында бөлуге болмайды.

44. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүліктерден (акшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

45. Кәсіпорынның қарамағында оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін оған қажетті не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік қана бола алады.

46. Шұғыл басқару құқығына ие болу және оны тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекsinде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

47. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның оралымды басқаруына түседі.

48. Мүлікті жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімі мен бақылау бекітілмесе, меншік иесі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасынан бекілген меншікті кәсіпорын.

49. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

50. Кәсіпорынның мүлкін жедел басқару құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодекsinің 249-бабында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

51. Кәсіпорын Жарғының 43-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне бекітілген, Негізгі құралдарға жататын мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті

беруге және есептен шығаруга Жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана құқылы.

52. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығымен бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

53. Кәсіпорынның қызметі бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған өз табысы есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

54. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс сатығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

55. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімдер мен басқа да материалдарды өз бетінше сатады.

56. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан кәсіпорын алынған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қойылуға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

57. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін меншік иесінен басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8. Кәсіпорынның есепке алуы және есептілігі

58. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және кәсіпорынның басшысы бекітетін және ұлттық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес басқару органымен келісілген есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

59. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығындар туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба кіреді.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

60. Кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі қаржы қаражатымен жауап береді. Қаржы қаражаты жеткіліксіз болған кезде әкімшілік-аумақтық бөлініс оның міндеттемелері бойынша тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікте не болады.

61. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершіліктен не болады.

10. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

62. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі «азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленеді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

63. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

64. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

65. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

66. Таратылған Кәсіпорынның несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

67. Таратылған Кәсіпорынның несие берушілердің талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған осы кәсіпорынның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, қаржы қаражаты тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

13. Жаргыга өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

68. Коммуналдық Кәсіпорынның Жаргысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.

Жетекші _____

Т. А. Ә.

ҚОЛЫ